



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ

ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы Отечественная история History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2025. № 28 (4)

РЕДАКЦИЯ

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Редакциялық алқа

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Абдырахманов Толобек Әбілұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (Қырғыз Республикасы, Бішкек)

Апендиев Тимур Әкімханұлы – PhD докторы, доцент, жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Горшенина Светлана Михайловна – PhD, тарих ғылымдарының кандидаты; CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/ Sorbonne университетінің зерттеу бөлімінің директоры (Франция, Париж)

Исмағұлов Оразақ Исмағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің физикалық антропология зертханасының меңгерушісі (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Шиндзю Като – PhD (археология бойынша), Нарадағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара)

Бирсель Каракоч – Уппсала университетінің түркі тілдерінің профессоры (Швеция, Уппсала қ.)

Мионг Сун-ок – антропология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (Корея, Сеул)

Қозыбаева Махаббат Маликовна – PhD доктор; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Моррисон Александр – PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Ұлыбритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – археология ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс университетінің «Биоархеология» ғылыми орталығының жетекшісі (Литва, Вильнюс)

Муминов Әшірбек Құрбанұлы – тарих ғылымдарының докторы, арабтанушы, профессор; ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Түркия, Стамбул)

Нұрсан Әлімбай – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Отеева Гүлфира Елубайқызы – тарих ғылымдарының докторы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.)

Оутрам Алан – археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна – Солтүстіктің байырғы халықтарының мәселелері және гуманитарлық зерттеулер институтының этнологиялық зерттеулер орталығының жетекшісі (АН СР(Ы) ХР) (Ресей Федерациясы, Якутск қ.)

Рюосуке Оно – Васеда университетінің тереңдетілген гуманитарлық зерттеулер орталығының доценті (Жапония, Токио)

Сәбитов Жақсылық Мұратұлы – Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының директоры, PhD доктор (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Томохико Уяма – PhD докторы, Хоккайдо университетінің славян және еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония, Саппоро)

Финке Питер – PhD докторы, Цюрих университетінің Макс Планк институтының профессоры (Швейцария, Цюрих)

Шотанова Ғалия Айтжанқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Жауапты редактор

Абдулина Ақсұңқар Тұрсынқызы

Жауапты хатшы және редактор

Мырзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нұрлыбек Айдарбекұлы

Көбеев Рүстем Джаулыбайұлы

Техникалық көмек

Зікірбаева Венера Серікқызы

Копеева Сания Жұматайқызы

РЕДАКЦИЯ

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Члены редакционной коллегии

Абиля Аманжолович – доктор исторических наук, профессор (Республика Казахстан, г. Астана)

Абдырахманов Толобек Абилович – доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР (Кыргызская Республика, г. Бишкек)

Апендиев Тимур Акимханович – PhD, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Горшенина Светлана Михайловна – доктор PhD, кандидат исторических наук; директор по исследованиям CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Университет Сорбонны (Франция, г. Париж)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана)

Като Синдзи (Shinji Kato) – PhD (в области археологии), Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара)

Бирсель Каракоч, профессор турецких языков, Уппсальский университет (Швеция, г. Уппсала)

Мионг Сун-ок – доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, г. Сеул)

Козыбаева Махаббат Маликовна – доктор PhD; ведущий научный сотрудник Института культуры и духовного развития «Алаш» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана)

Моррисон Александр – PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, (Литва, г. Вильнюс)

Муминов Аширбек Курбанович – доктор исторических наук, арабист, профессор; консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул)

Нурсан Алимбай – кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Отеева Гульфира Елубаевна – доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А.Х. Маргулана (Республика Казахстан, г. Павлодар)

Оутрам Алан – доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна, руководитель Центра этнологических исследований Института гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера (ИГИ АН РС(Я)) (Российская Федерация, г. Якутск)

Рюосуке Оно – доцент, Центр перспективных гуманитарных исследований, Университет Васеда (Япония, г. Токио)

Сабитов Жаксылык Муратович – директор Научного института изучения Улуса Джучи, доктор PhD (Республика Казахстан, г. Астана)

Томохико Уяма – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований университета Хоккайдо (Япония, г. Саппоро)

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, г. Цюрих)

Шотанова Галия Айтжановна – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Ответственный редактор

Абдулина Аксункар Турсуновна

Ответственный секретарь и редактор

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Научные редакторы:

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нурлыбек Айдарбекович

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Техническое сопровождение

Зикирбаева Венера Сериковна

Копеева Саня Жуматаевна

EDITORIAL TEAM**Editor-in-Chief**

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, general Director of Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Republic of Kazakhstan, Astana)

Abdyrakhmanov Tolobek Abilovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic (Kyrgyz Republic, Bishkek)

Apendiev Timur Akimkhanovich – PhD, associate professor, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Gorshenina Svetlana Mikhailovna – PhD, Candidate of Historical Sciences; Research Director of CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Sorbonne University (France, Paris)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Laboratory of Physical Anthropology of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana)

Shinji Kato – PhD (Archaeology), Nara National Research Institute for Cultural Properties (Japan, Nara)

Birsel Karakoch – Professor of Turkic Languages, Uppsala University (Sweden, Uppsala)

Myong Soon-ok – PhD (Anthropology), Associate Professor (Seoul, Korea)

Kozybaeva Makhabbat Malikovna – PhD; Leading Researcher, Institute of Culture and Spiritual Development «Alash» of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Republic of Kazakhstan, Astana)

Morrison Alexander – PhD, Professor, New College, Oxford (United Kingdom, Oxford)

Motuzaitė-Matuzevichute Gidrė – Doctor of Archaeology, Professor, Head of the Scientific Center «Bioarchaeology» of Vilnius University, (Lithuania, Vilnius)

Muminov Ashirbek Kurbanovich – Doctor of Historical Sciences, Arabist, Professor; Consultant to the Director General for Organizational Activities of the OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul)

Nursan Alimbay – Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Otepova Gulmira Elubayevna – Doctor of Historical Sciences, Professor at the A. Margulan Pavlodar Pedagogical University (Republic of Kazakhstan, Pavlodar)

Outram Alan – Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter)

Romanova Ekaterina Nazarovna – Head of the Center for Ethnological Research, Institute for Humanitarian Research and Problems of Indigenous Peoples of the North (IHR RAS (Yakutia)) (Russian Federation, Yakutsk)

Ryuosuke Ono – Associate Professor, Center for Advanced Humanitarian Studies, Waseda University (Japan, Tokyo)

Sabitov Zhaksylyk Muratovich – Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, PhD (Republic of Kazakhstan, Astana)

Tomohiko Uyama – PhD, Professor, Center for Slavic-Eurasian Studies, Hokkaido University (Japan, Sapporo)

Finke Peter – PhD, Professor, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland, Zurich)

Shotanova Galiya Aitghanovna – Candidate of historical sciences, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editor-in-Chief

Abdulina Aksunkar Tursunovna

Responsible Secretary and Editor

Murzakhodjaev Kuanysh Madievich

Scientific Editors:

Kasymova Didar Beysengalieva

Chernienko Denis Arkadyevich

Dosymbetov Nurlybek Aidarbekovich

Kubeev Rustem Dzhaubayuly

Technical support

Zikirbaeva Venera Serikovna

Kopeeva Saniya Zhumataevna



Published in the Kazakhstan
Otantarikhy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 4. Pp. 1107–
1116
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAMP 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_4_1107-1116

1944 ЖЫЛҒЫ БКП(Б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕГІ ТАРИХШЫЛАР КЕҢЕСІ: КЕҢЕС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

Айсулу Нурлановна Токашева¹, Айман Зейнелгабденовна Жуманова²

¹ Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
(Гоголя көш., 38, 100012 Қарағанды, Қазақстан Республикасы)
PhD докторант
<https://orcid.org/0000-0002-8207-1296>. E-mail: 25_ai_sulu.06@mail.ru

² Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
(Гоголя көш., 38, 100012 Қарағанды, Қазақстан Республикасы)
Қазақстан тарихы және ҚХА кафедрасының қауымдастырылған профессор, PhD доктор
<https://orcid.org/0000-0002-0790-9335> E-mail: aiman_jumanova@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Токашева А.Н., Жуманова А.З., 2025

Андамна. Кіріспе. 1944 жылы БКП(б) Орталық Комитетінде өткен тарихшылардың жабық кеңесі кеңестік тарих ғылымының дамуы мен идеологиялық бағыт-бағдарын айқындауда маңызды рөл атқарды. Кеңеске партия басшылығының жоғары өкілдері, беделді академиктер мен тарихшылар, сондай-ақ идеология және насихат саласының жетекшілері қатысты. Кеңес барысында патшалық Ресейдің ішкі және сыртқы саясатына тарихи баға беру, оның отаршылдық саясаты, империя құрамындағы халықтардың тарихи дамуы, сондай-ақ тарих ғылымындағы идеологиялық қателіктер мен кемшіліктер сияқты мәселелер қарастырылды. **Мақсаты мен міндеттері.** Зерттеудің басты мақсаты – кеңестің ұйымдастырылу себептерін, оған қатысушылар құрамын, қарастырылған негізгі мәселелерді саралап, оның кеңес тарих ғылымына ықпалын жан-жақты зерттеу. Осы мақсатқа сәйкес зерттеудің міндеттері кеңестің шақырылуына негіз болған саяси-идеологиялық алғышарттарды айқындау, А. М. Панкратованың бастамашылдық рөлін сипаттау, кеңес барысында көтерілген негізгі идеологиялық қателіктер мен методологиялық мәселелерді талдау, сондай-ақ кеңес шешімдерінің кеңестік тарихнаманың әрі қарайғы даму траекториясына әсерін бағалаумен айқындалады. **Нәтижелер.** Зерттеу нәтижесінде кеңес барысында тарихшылардың бірқатар еңбектерінде буржуазиялық-ұлтшылдық және монархиялық ауытқулардың бар екені көрсетілгені, ресми қаулы қабылданбағанымен, оның кеңестік тарих ғылымында партиялық бақылауды күшейтуге және ғылыми пікір алуандығын шектеуге шешуші ықпал еткені анықталды. **Қорытынды.** Дегенмен, кеңес қорытындысы бойынша ресми қаулы қабылданбады. Бұл кеңес кеңестік тарихнаманың қалыптасуына, тарих ғылымының партиялық бақылау аясында дамуына ықпал етті.

Түйін сөздер: тарихшылар кеңесі, БКП(б) Орталық Комитеті, Кеңес тарих ғылымы, идеология, тарихи сананы қалыптастыру, марксизм, тарихи концепция, партиялық бақылау, тарихшылар.

Дәйексөз үшін: Токашева А.Н., Жуманова А.З. 1944 жылғы БКП(б) Орталық комитетіндегі тарихшылар кеңесі: кеңес тарихнамасындағы идеологиялық бағыт // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. 1107–1116-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1107-1116

СОВЕЩАНИЕ ИСТОРИКОВ ПРИ ЦЕНТРАЛЬНОМ КОМИТЕТЕ ВКП(Б) 1944 ГОДА: ИДЕОЛОГИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ В СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ

Айсулу Нурлановна Токашева¹, Айман Зейнелгабденовна Жуманова²

¹ Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова (ул. Гоголя, 38, 100012, Республика Казахстан)

PhD докторант

<https://orcid.org/0000-0002-8207-1296>. E-mail: 25_ai_sulu.06@mail.ru

² Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова (ул. Гоголя, 38, 100012, Республика Казахстан)

Доцент, PhD, ассоциированный профессор кафедры истории Казахстана и АНК

<https://orcid.org/0000-0002-0790-9335>. E-mail: aiman_jumanova@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Токашева А.Н., Жуманова А.З., 2025

Аннотация. *Введение.* В 1944 году в Центральном Комитете ВКП(б) состоялся закрытый совет историков, который сыграл важную роль в развитии советской исторической науки и определении её идеологического направления. В заседании приняли участие высокие представители партийного руководства, авторитетные академики и историки, а также руководители сферы идеологии и пропаганды. В ходе совета рассматривались вопросы исторической оценки внутренней и внешней политики царской России, её колониальной политики, исторического развития народов в составе империи, а также идеологические ошибки и недостатки в исторической науке. *Цель и задачи.* Основная цель исследования - всесторонне изучить причины организации совета, состав его участников, рассмотренные ключевые вопросы и влияние совета на развитие советской исторической науки. В соответствии с этой целью задачи исследования включают выявление политико-идеологических предпосылок созыва совета, описание инициаторской роли А.М. Панкратовой, анализ основных идеологических ошибок и методологических проблем, поднятых в ходе совета, а также оценку влияния решений совета на последующую траекторию развития советской исторической науки. *Результаты.* Результаты исследования показали, что в ходе совета выявились буржуазно-националистические и монархические отклонения в ряде работ историков; несмотря на то что официальная резолюция принята не была, совет оказал решающее влияние на усиление партийного контроля в советской исторической науке и ограничение научного плюрализма. *Заключение.* Тем не менее, по итогам совета официальная резолюция принята не была. Этот совет способствовал формированию советской историографии и развитию исторической науки в рамках партийного контроля.

Ключевые слова: совет историков, Центральный комитет ВКП(б), советская историческая наука, идеология, историческое сознание, марксизм, историческая концепция, партийный контроль, историки.

Для цитирования: Токашева А.Н., Жуманова А.З. 1944 жылғы БКП(б) Орталық комитетіндегі тарихшылар кеңесі: кеңес тарихнамасындағы идеологиялық бағыт // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. С. 1107–1116. [на казахском языке]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1107-1116

CONFERENCE OF HISTORIANS AT THE CENTRAL COMMITTEE OF THE ALL-UNION COMMUNIST PARTY IN 1944: IDEOLOGICAL DIRECTION IN SOVIET HISTORIOGRAPHY

Aisulu Nurlanovna Tokasheva¹, Aiman Zeynelgabdenovna Zhumanova²

¹Karaganda National Research University named after academician Ye. A. Buketov
(38, Gogol Str., 100012 Karaganda, Republic of Kazakhstan)
PhD student
<https://orcid.org/0000-0002-8207-1296>. E-mail: 25_ai_sulu.06@mail.ru

²Karaganda National Research University named after academician Ye. A. Buketov
(38, Gogol Str., 100012 Karaganda, Republic of Kazakhstan)
Associate Professor, PhD, Department of History of Kazakhstan and Assembly of the People of Kazakhstan
<https://orcid.org/0000-0002-0790-9335>. E-mail: aiman_jumanova@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025

© Tokasheva A.N., Zhumanova A.Z., 2025

Abstract. Introduction. In 1944, a closed council of historians was held at the Central Committee of the All-Union Communist Party (Bolsheviks), which played an important role in the development of Soviet historical science and in determining its ideological direction. The meeting was attended by high-ranking representatives of the party leadership, prominent academics and historians, as well as leaders of the ideology and propaganda sectors. During the council, issues concerning the historical assessment of the internal and external policies of Tsarist Russia, its colonial policies, the historical development of the peoples within the empire, as well as ideological errors and shortcomings in historical science, were discussed. *Aim and Objectives.* The main aim of the study is to comprehensively examine the reasons for convening the council, the composition of its participants, the key issues considered, and the council's influence on the development of Soviet historical science. In accordance with this aim, the objectives of the study include identifying the political and ideological prerequisites for convening the council, describing A. M. Pankratova's initiatory role, analyzing the main ideological errors and methodological issues raised during the council, and evaluating the impact of the council's decisions on the subsequent trajectory of Soviet historiography. *Results.* The results of the study showed that the council revealed bourgeois-nationalist and monarchist deviations in a number of historians' works; although no official resolution was adopted, the council had a decisive influence on strengthening party control in Soviet historical science and limiting scholarly pluralism. *Conclusion.* Nevertheless, no official resolution was adopted following the council. The council contributed to the formation of Soviet historiography and the development of historical science within the framework of party control.

Keywords: Historians conference, Central Committee of the All-Union Communist Party (Bolsheviks), Soviet historical science, ideology, historical consciousness, Marxism, historical concept, party control, historians.

For citation: Tokasheva A.N., Zhumanova A.Z. The Council of Historians at the Central Committee of the CPSU (Bolsheviks) in 1944: Ideological Orientation of Soviet Historiography // Otan tarihi. 2025. T. 28. № 4. Pp. 1107–1116. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1107-1116

Қысқашы. 1944 жылдың жазында Кеңес Одағының партиялық және ғылыми элитасы арасында кең ауқымды пікірталастардың бірі өткен еді. Бұл – БКП(б) Орталық Комитеті ұйымдастырған тарихшылардың жабық кеңесі болатын. Кеңес Одағы тарихындағы идеологиялық және ғылыми көзқарастардың қалыптасуына ықпал еткен бұл жиын тарих ғылымының даму бағытын айқындап, кеңестік тарихи парадигманы нығайтуға арналған маңызды оқиға болды.

Аталған кеңес сол кезеңдегі тарих ғылымындағы басты мәселелерді талқылап, ғылыми еңбектердегі идеологиялық ауытқуларды анықтауға және тарихшылардың жұмысын партиялық ұстанымға сәйкес келтіруге бағытталды. Кеңес барысында патшалық Ресейдің ішкі және сыртқы саясатына баға беру, Ресей империясының жаулап алушылық әрекеттері мен отарлау саясатының

сипатын анықтау, сондай-ақ кеңестік тарихнаманың негізгі әдістемелік қателіктерін түзету мәселелері көтерілді. Тарихшылардың бірқатар зерттеулеріндегі «марксистік емес» үрдістер сынға алынып, тарихты ұлтшылдық, буржуазиялық немесе монархиялық тұрғыдан пайымдау әрекеттері айыпталды. Бұл мақала 1944 жылы БКП(б) Орталық Комитетінде өткен тарихшылар кеңесінің мәні мен маңызын талдауға арналған. Сонымен қатар, мақалада аталған жиынның кеңес тарихнамасына, оның ішінде тарихи оқиғаларды бағалаудағы идеологиялық ұстанымдарға тигізген ықпалы талданады. Кеңесте көтерілген мәселелердің Кеңес Одағының ішкі және сыртқы саясатына қалай әсер еткені, тарих ғылымындағы идеологиялық бақылаудың күшеюіне қандай жағдайлар түрткі болғаны сарапталады. Осы мақсатқа жету үшін мақалада кеңестің стенограммалары, Орталық Комитеттің құжаттары, сол кезеңдегі кеңестік тарихшылардың еңбектері мен партиялық шешімдер талданады. Бұл зерттеу кеңес дәуіріндегі тарих ғылымының даму ерекшеліктерін, идеологияның ғылыми дискурстағы рөлін және партиялық бақылаудың тарихшылар қызметіне ықпалын түсінуге көмектеседі.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Бұл зерттеу 1944 жылғы БКП(б) Орталық Комитетінде өткен тарихшылар кеңесінің материалдарына және кеңес дәуіріндегі тарихи ғылымды зерттеуге арналған еңбектерге негізделеді. Зерттеуде Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивінің (РГАСПИ) құжаттарын қамтиды. Атап айтқанда, А. А. Жданов пен А. С. Щербаков қорларында сақталған стенограммалар, баяндамалар және кеңес барысында талқыланған негізгі сұрақтар қарастырылды. Сонымен қатар, кеңеске қатысқан академиктердің еңбектері мен сол кезеңдегі кеңестік басылымдар қаралды. Атап айтқанда, «Правда» газеті мен «Исторический журнал» беттеріндегі мақалалар талданды. Отандық тарихшылар еңбектері 1944 жылғы тарихшылар кеңесін кеңестік тарихнаманың жалпы қайта қалыптасу кезеңі аясында қарастыруға ғылыми негіз береді. Қазақстан тарих ғылымында кеңестік идеологияның ғылым мен тарихнаманың қалыптасуына ықпалы жан-жақты талданған зерттеулер жеткілікті. Мәселен, М. Қозыбаев кеңестік тарихи ойдың саяси шарттылығын және тоталитарлық жүйенің ғылыми танымға түсірген ықпалын сараласа, К. Нұрпейіс пен М. Қойгелдиев кеңестік кезеңде ұлттық тарихты зерттеудің дискурстық шектеулері мен дереккөздік іріктеу мәселелерін қарастырады. Ал Т. Омарбеков, Д. Махат және Н. Дюсенова соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ тарихнамасының даму үрдісін, идеологиялық қысымның кадрлық, тақырыптық және әдіснамалық салдарын ашып көрсетеді. Сонымен бірге, Ж. Абылхожин, Б. Аяған және А. Қапаева еңбектерінде кеңестік кезеңдегі ғылыми мектептердің тежелуі және тарихи материалды түсіндірудің тар шеңберлі идеологиялық параметрлерге бағындырылуы нақты деректер арқылы дәлелденеді. Сонымен қоса, Кеңестік тарихнаманың идеологиялық сипаты мен ғылыми бақылау жүйесін зерттеу шетелдік тарихнамада кең ауқымда қарастырылған. Бұл бағытта Б. Келли, Ш. Фицпатрик, Г. Хоскинг, С. Коткин және А. Эткинд сияқты зерттеушілердің еңбектері кеңес тарихи ғылымының ішкі құрылымы, зерттеу институттарының қызметі, ғылыми еркіндіктің шектелуі және тарихи білімнің саяси функцияларға бағындырылуы жөнінде маңызды тұжырымдар береді. Мысалы, Ш. Фицпатрик сталиндік кезеңдегі ғылымның табиғатын сипаттай отырып, «тарих ғылымы шындықты тануға емес, мемлекеттің қажетті идеологиялық конструкттарын өндіруге бағытталды», – деп жазады [Fitzprick, 1999]. Абрам Эткинд кеңестік ғылымды мемлекеттік дискурс өндірісінің тетігі ретінде қарастырып, кеңестік тарихи пайымның «қалыпты ғылыми логиканы емес, саяси тұрғыдан рұқсат етілген интерпретацияларды жаңғыртқанын», – айтады [Etkind, 2013]. Ғалымның пікірінше, кеңестік ғылыми жүйе ғылымды өзіндік әдіснамадан емес, «саяси дұрыстықтан» бағалауды қалыптастырған. Нәтижесінде бұл жағдай тарихшылардың дереккөз таңдауын, зерттеу объектісін, тіпті тұжырымдарын партиялық құрылым тарапынан алдын ала анықтауға алып келді. Шетелдік зерттеушілердің еңбектерін талдау кеңестік тарихнаманың тек теориялық қатаңдықпен ғана емес, саяси бақылаумен қалыптасқанын көрсетеді. Отандық және шетелдік зерттеулер Кеңес дәуіріндегі ғылым мен идеология арасындағы байланыстың көпқырлы сипатын ашып береді. Отандық зерттеушілер көбінесе ұлттық контекст пен деректік негізге көңіл бөледі, ал шетелдік авторлар кеңес ғылымының идеологиялық құрылымдарын салыстырмалы және теориялық тұрғыдан талдайды. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Бұл әдісті қолдану арқылы 1944 жылы өткен кеңестің идеологиялық мазмұнын кеңестік тарих ғылымының әртүрлі кезеңдеріндегі идеологиялық өзгерістермен салыстыруға мүмкіндік берді. Талдау әдісарқылы кеңестің стенограммалары мен партиялық құжаттардағы негізгі тұжырымдар зерттелді. Сондай-ақ, идеологиялық дискурс-талдау әдісі негізінде кеңестік тарихнаманың коммунистік партия саясатына сәйкестігі қарастырылды. Мысалы, Б.Д. Грековтың Киев Русіне қатысты тұжырымдарымен Е.В.

Тарле еңбектеріне жасалған сын тарихи бағалаудың саяси астары бар екенін көрсетеді. Осылайша, зерттеу кеңес дәуіріндегі тарих ғылымының саяси сипатқа ие болғанын дәлелдейді.

Талқылау. 1944 жылғы тарихшылар кеңесі кеңестік ғылыми қауымдастыққа көпқырлы және ұзақ мерзімді ықпал етті. Ең алдымен, кеңес тарих ғылымындағы пікір алуандығын тоқтатып, оны партияның идеологиялық бақылауына түбегейлі енгізді. Кеңеске дейін ғылыми ортада академиялық еркіндікке ішінара мүмкіндік болғанымен, 1944 жылдан кейін тарихи интерпретациялар қатаң саяси сүзгіден өткізіліп, партиялық тұжырымдарға сай келмейтін көзқарастар «ұлтшылдық», «буржуазиялық», «антилениндік» деп бағаланды. Ш. Фицпатрик көрсеткендей, бұл кезеңде тарих ғылымы шындықты іздейтін сала емес, мемлекеттің легитимациясын өндіретін баян дискурсына айналды. Мұндай жағдай тарихшыларды ғылыми дәлелден гөрі саяси талаптарға сай өнім беруге мәжбүр етті. Кеңес кеңестік тарихнаманың жалпы бағытын ғана емес, кадрлық құрамына да әсер етті. М. Эткинд пен С. Коткин атап өткендей, бұл кезеңде ғылыми ортада қорғаныс механизмі қалыптасты: тарихшылар тәуекелге бармау үшін әдістемені, баяндауды, дереккөз тандауды саяси нұсқауларға сәйкестендірді. Ықпалды ғалымдарды сынау немесе беделін түсіру арқылы партия басқа зерттеушілерге сабақ болатын идеологиялық мінез-құлық нормативін қалыптастырды. Бұл ғылыми мектептердің табиғи эволюциясын тежеді және жаңа бағыттар мен методологиялық жаңарулардың тамыр жаюына мүмкіндік бермеді. Кеңестің салдары әсіресе ұлттық республикаларда, соның ішінде Қазақстанда айқын сезілді. М. Қозыбаев көрсеткендей, 1944 жылдан кейін қазақ тарихын ресейлік «өркениет таратушы миссия» концепциясына бағындыру үрдісі күшейді, ал ұлттық қозғалыстар «феодалдық» немесе «реакциялық» сипатта қарастырылды [Қозыбаев, 2001]. Қойгелдиевтің зерттеулерінде де кеңестік идеология қазақ тарихындағы ұлттық қозғалыстарды, әсіресе Кеңесары бастаған көтерілісті және Алаш қайраткерлерінің қызметін ұлтшылдық тұрғыда бағалап, оларды тарихнамадан ығыстыруға ұмтылғаны атап өтіледі [Қойгелдиев, 2001]. Т. Омарбеков еңбектерінде Алтын Орда мен Дешті Қыпшақ тарихын оң бағалаудың тарихи қателік ретінде айыпталғаны, сондай-ақ осы көзқарастың ұлттық ғылыми мектептердің қалыптасуын тежегені жан-жақты талданады [Омарбеков, 2001]. Соның нәтижесінде Қазақстан тарихнамасында ұлттық ғылыми мектептердің қалыптасуы тежеліп, кеңестік орталықтандырылған тарихи схема басымдыққа ие болды. 1944 жылғы кеңес тарихты жазуда интерпретациялық кеңістікті тарылтты. Деректі түрліше түсіндіру мүмкіндігі шектелді, ғылыми пікірталас тоқтап, бір ғана дұрыс марксистік пайым қалыптастырылды. Ғылыми кадрлар даярлау жүйесі де партиялық талапқа бағынып, еркін ізденіске емес, стандартталған идеологиялық модельге қызмет етті. Осылайша, 1944 жылғы талқылау кеңестік тарих ғылымын түпкілікті түрде идеологиялық бақылауға алып, оны толықтай партиялық ұстанымдарға бағындырды. Ұлттық тарих ғылымы дербес мектептер мен ойлау бағыттарын қалыптастыру мүмкіндігінен айырылып, кеңестік дискурстың ішкі шеңберінен шыға алмады. Бұл зардаптар 1980-жылдарға дейін сақталып, Қазақстандағы тарих ғылымының кейінгі дамуына да ұзақ мерзімді ықпал етті.

Кеңес 1944 жылдың 29 мамырынан бастап 8 шілдесіне дейін, яғни бір айдан астам уақыт аралығында, үзілістермен өтті. Бұл жиынға БКП(б) Орталық Комитетінің үш хатшысы – Г.М. Маленков, А. С. Щербаков және А. А. Андреев қатысты. Өз кезегінде бұл кеңестің маңыздылығын одан әрі арттырған еді. Сонымен қатар, жиынға «Правда» газетінің редакторы П.Н. Поспелов, Орталық Комитеттің үгіт-насихат басқармасының бөлім меңгерушілері, Орталық Комитеттің Мектептер бөлімі меңгерушісі Н.Н. Яковлев, Ұйымдастыру-инструкторлық бөлім меңгерушісі М.А. Шамберг, Маркс-Энгельс-Ленин институтының директоры В.С. Кружков және басқа да партия және ғылыми мекеме өкілдері қатысты. Алайда идеология мәселелеріне жетекшілік ететін Орталық Комитет хатшысы А.А. Жданов бұл уақытта Ленинградта болғандықтан, жиынға қатысқан жоқ [РГАСПИ. Қ. 88. Т. 1. Д. 1053]. Сонымен қоса, жиынға кеңестік тарих ғылымының көптеген өкілдері, оның ішінде КСРО Ғылым академиясының 12 академигі мен корреспондент-мүшелері қатысты. Олардың қатарында Б.Д. Греков, Е.В. Тарле, В.П. Волгин, И.И. Минц, Н.С. Державин, А.В. Ефимов, А.И. Яковлев, С.В. Бахрушин, А.М. Панкратова, С.Д. Сказкин, В.И. Пичета, А.Д. Удадьцов болды. Сонымен бірге, КСРО Сыртқы істер халық комиссариатының Жоғары дипломатиялық мектебінің директоры С.К. Бушуев, КСРО Ғылым академиясының Этнография институтының директоры С.П. Толстов және басқа да белгілі ғалымдар қатысты. Жалпы кеңеске 50-ден астам адам жиналды.

Тарихшылар кеңесін шақыру бастамасында көрнекті кеңес тарихшысы, 1905–1907 жылдардағы жұмысшы табы мен революция тарихы бойынша маман, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі А.М. Панкратова ерекше маңызды рөл атқарды. Оның БКП(б) Орталық Комитетіне жолдаған бірнеше жазбалары кеңес тарихнамасының идеологиялық бағыттарын өзгерту

қажеттілігін көрсетуімен ерекшеленді. 1942–1944 жылдар аралығында А.М. Панкратова Орталық Комитетке және оның хатшылары А.А. Жданов пен А.С. Щербаковқа бірнеше хат жолдап, онда марксизмнің негізгі принциптеріне қайшы келетін үрдістердің тарихшылар мен жазушылардың еңбектерінде байқалатынын ескерткен болатын. Атап айтқанда, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшелері А.В. Ефимов пен А.И. Яковлев «барлық патша дипломаттарының, генералдарының және мемлекет қайраткерлерінің рөлін қайта қарастырып, оларды отан тарихының прогрессивті қайраткерлері ретінде бейнелеуге ұмтылғаны» үшін «марксистік емес» көзқарастарды ұстанды деп сынға алынды. Сонымен қатар, академик Е.В. Тарле патшалық Ресейге қатысты В.И. Лениннің «халықтар түрмесі» тезисін қайта қарастырып, патшалықтың отарлау саясатын ақтау әрекеті үшін айыпталды. Бұдан бөлек, заң ғылымдарының докторы Б.И. Сыромятников І Петрді шамадан тыс идеализациялағаны үшін сынға ұшырады. Сондай-ақ, кинорежиссер әрі сценарист С.М. Эйзенштейн мен жазушы А.Н. Толстой Иван Грозныйды «халық патшасы» ретінде бейнелеуге тырысқаны үшін сынға алынды [Бахрушин, 1998].

А.М. Панкратова өзінің хаттарында тарихшылар мен ғалымдардың ғылыми жұмысында марксистік көзқарасқа сәйкес келмейтін тарихты интерпретациялау әрекеттерінің көбейіп келе жатқанын ашық көрсеткен. Бұл хаттар кеңестік идеология мен ғылыми зерттеулердің арасындағы байланысты нығайту, сондай-ақ марксизмге қайшы келетін ағымдарды тоқтату мақсатында жазылған болатын. Ол хаттарда атап өткен мәселелердің қатарына тарихты зерттеу әдіснамасындағы жүйесіздік, тарихи материалдарды бұрмалау және социалистік реализм принциптеріне сәйкес келмейтін теориялық ұсыныстар жатқызылды. А.М. Панкратова өз жазбаларында соғыстан кейінгі жаңа тарихи концепциялардың қажет екендігін де атап өтті. Бұл тұжырымдар кеңес тарихшыларына идеологияның қажеттілігін түсіндіріп, соғыстан кейінгі тарих ғылымының ресми бағыттарын нығайтуға үлкен ықпал еткен. Орталық Комитеттің назарын аудару үшін жазылған бұл хаттар тарихшылар кеңесінің шақырылуына, оның ғылыми және идеологиялық мақсаттарының анықталуына негіз болды.

1944 жылғы 12 мамырда Орталық Комитетке жолдаған кеңес қарсаңындағы соңғы хатында А.М. Панкратова: «Біз, кеңестік тарихшылар, Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті кеңес тарихшыларының жағдайы мен міндеттерін Ұлы Отан соғысы жағдайында талқылауға уақыт пен мүмкіндік тапса, сондай-ақ бізге өз кемшіліктерімізді түзетіп, жұмысымызды одан әрі жандандыруға көмек көрсетсе, шексіз ризашылығымызды білдірер едік», – деп жазды. Бұл хаттың алғашқы адресаты И.В. Сталин болды. Өз кезегінде кеңесті ұйымдастыру туралы шешімнің қабылдануына оның ықпалы зор болғаны ықтимал [Панкратова, 2015].

1944 жылдың 18 мамырында БКП(б) Орталық Комитетінің үгіт-насихат басқармасының бастығы Г.Ф. Александров, оның бірінші орынбасары П.Н. Федосеев және П.Н. Поспелов ОК хатшылары Г.М. Маленков пен А.С. Щербаковқа кеңес тарихшыларының еңбектерінде байқалған елеулі кемшіліктер мен антилениндік қателіктер туралы жазба жолдады. Бұл құжатта партиялық ұйымның тарих саласындағы ғылыми жұмысында «үлкен кемшіліктердің» бар екендігі атап өтілді. Сондай-ақ кеңес тарихшыларының бірқатар еңбектерінде «елеулі қателіктер» орын алғаны көрсетілді. Атап айтқанда, онда тарихшы М.Н. Покровский мектебінің ықпалы туралы мәселе көтеріліп, оның «орыс халқының өткені туралы неміс тарихшылары жазған реакциялық аңыздарды қайталауға бейімділігі» сынға алынды. Сонымен қатар, Покровскийдің орыс халқының тарихына деген немқұрайлы көзқарасы ерекше атап өтілді. Қазақ КСР мен Башқұрт АССР тарихына арналған еңбектерде «буржуазиялық-ұлтшылдық көзқарастардың» көрініс табуы да сынға ұшырады. Осы ескертулер негізінде А.М. Панкратова айыптау нысанына айналды. Бұдан бөлек, А.И. Яковлев, С.В. Бахрушин, М.В. Нечкина, Н.Л. Рубинштейн және басқа да ғалымдардың жұмыстары, сондай-ақ КСРО Ғылым академиясының Тарих институты мен «Исторический журнал» редакциясының қызметі сынға алынды. Жазбамен бірге оның авторлары Орталық Комитет хатшыларына «тарихшылардың бір бөлігі арасында ұлыдержавалық шовинизм көңіл-күйінің таралуы туралы» қосымша материалдар ұсынды. Бұл материалдар көбіне А.М. Панкратованың хаттарында көтерілген мәселелерді қолдайтын бағалауларға негізделді. Сонымен қатар, Е.В. Тарле, А.И. Яковлев, Б.Д. Греков, Б.И. Сыромятников сияқты ғалымдардың жекелеген еңбектері мен баяндамаларында «патшалық биліктің реакциялық саясатын қорғау» байқалғаны атап өтілді [Жданов, 2006].

Орталық Комитет деңгейінде кеңес өткізудің қажеттілігі ресми түрде мойындалды. А.М. Панкратованың естеліктеріне сәйкес, кеңес өз жұмысын 1944 жылдың 29 мамырында бастады. Оны БКП(б) Орталық Комитетінің хатшысы Г.М. Маленков ашып, өз сөзінде: «Орталық Комитет бұл

мәселені қарастырып, тарихшылармен кездесіп, даулы мәселерді талқылау және барлық тарихшылар үшін ортақ қағидаттық ұстанымдарды әзірлеу қажет екендігін», – мәлімдеді [РГАСПИ. Қ. 17. Т. 121. Д. 290].

Кеңестің алғашқы отырысының толық стенограммасы сақталмағанымен, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивінде (РГАСПИ) А.А. Жданов қорының материалдары арасында «Тарихшылар тарапынан БКП(б) Орталық Комитетіне қойылған сұрақтар» атты құжат сақталған. Бұл құжат Г.М. Маленковтың баяндамасының негізгі мазмұнын қамтып, талқылауға ұсынылған 15 сұрақтың тізімін құрайды. Атап айтқанда, тарихи бағалау жүргізу қажет болған мәселелер қатарында: әртүрлі кезеңдердегі патшалық биліктің ішкі және сыртқы саясатына баға беру, Ресей империясының «Еуропаның жандармы» және «халықтар түрмесі» ретіндегі рөлі, патшалық Ресейдің жаулап алулары мен оның отарлық саясатының мәні, империя шеткері аймақтарының халықтары мен аумақтарының Ресейге қосылуының сипаты мен маңызы, сондай-ақ Ресей империясының шет аймақтарындағы көтерілістердің сипаты мен олардың көшбасшыларына тарихи баға беру мәселелері қарастырылды. Жалпы бұл мәселелердің көтерілуі сол кездегі кеңестік саясаттың ішкі және сыртқы жағдайымен байланысты болды. 1944 жылы Кеңес Одағы фашистік Германияға қарсы соғыста жеңіске жетуге жақындап, болашақта Орталық және Шығыс Еуропаға ықпал ету мүмкіндігіне ие бола бастады. Осыған байланысты тарихшыларға Ресей империясының сыртқы саясатын қарастыруда жаңа көзқарас қалыптастыру жүктелді. Аталған сұрақтар тізімін жария еткеннен кейін, Г.М. Маленков тарихшыларға оларды жан-жақты зерделеуді ұсынып, келесі отырысты 1 маусымда өткізу туралы шешім қабылдады [РГАСПИ. Қ. 17. Т. 121. Д. 291].

1944 жылдың 1 маусымында кеңестің негізгі отырыстары басталды. Жалпы алғанда, бес отырыс барысында (1, 5, 10 және 22 маусым, 8 шілде) А. С. Щербаковтың төрағалығымен шамамен 25-ке жуық баяндама жасалды. Бұл баяндамалар тарихшылар мен саясаткерлердің ұлы державалық көзқарастарды негізге ала отырып, тарихтың жаңа парадигмасын қалыптастыруға бағытталды. Кеңестің бірінші отырысында тарихшыларға патшалық Ресейдің сыртқы және ішкі саясатындағы маңызды мәселелерді қайта қарастыру тапсырылды [РГАСПИ. Қ. 77. Т. 1. Д. 26.].

Айта кету керек, тек соңғы отырыста ғана үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі С. М. Ковалев пен Қызыл Армияның Бас саяси басқармасы өкілі С.А. Аманжоловқа сөз берілді. Бұл олардың кеңес тарихшыларының жұмыстарындағы саяси үгіт пен идеологиялық компоненттің рөлі туралы көзқарастарын білдіру мүмкіндігі болды. Қалған отырыстарда тарихшылар өздерінің ғылыми зерттеулерін ұсынып, Кеңес Одағының тарихын жаңа саяси шындықтарға сай бейімдеуге қатысты пікірлерін білдірді. Сонымен қатар, кеңес барысында тарихшылардың арасында патшалық Ресейдің отарлық саясаты мен ұлттық қозғалыстарға қатысты өткір пікірталастар болды. Жиынның негізгі тақырыптарының бірі Ресей империясының «өркениет әкелуші» рөлін негіздеу болды, бұл саяси жүйенің жаңа кезеңдегі идеологиялық тұғырнамасын қолдау мақсатында жасалды. Мұндай өзгерістер тек ғылыми ортада ғана емес, Кеңес Одағының ішкі және сыртқы саясатында да жаңа көзқарастар мен бағыттарды енгізуге жол ашты.

Кеңес тарихында идеологиялық науқандар ғылыми-зерттеу саласындағы саяси бақылаудың негізгі құралы болып есептелді. 1946 жылғы Жданов доктринасы мәдениет пен ғылымды партиялық идеологияға сәйкестендіруді мақсат етсе, 1947 жылғы «Философиядағы қателіктер туралы» талқылау философиялық ғылым саласында идеологиялық тазарту жүргізді. Бұл науқандардың екеуінде де біртекті сипат байқалады: мемлекеттік идеологияның үстемдігі, зиянкестер мен буржуазиялық элементтерді айқындау, ғылыми қауымдастықтың партиялық бақылауға тартылуы. Алайда, айырмашылықтары да бар. Жданов доктринасы негізінен әдебиет, өнер және мәдениетке бағытталса, философиядағы науқан нақты ғылыми тұжырымдар мен бағыттарды сынаумен шектелді. Осылайша, екеуі де Кеңес дәуірінде идеологияның ғылыми және мәдени салаларға ықпалын айқын көрсетеді, бірақ олардың мақсаты мен объектісі әртүрлі болды.

Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивінде (РГАСПИ) кеңестің үш түрлі стенограмма нұсқасы сақталған. Біріншісі – авторлық түзетулері мен қосымшалары бар қарапайым нұсқа, екіншісі – Техникалық хатшылықтың ОК Ұйымдастыру бюросы тізіміне енгізілген өңделген нұсқа (Қор 17, Тізбе 121, Іс 290, 291), ал үшіншісі – А.С. Щербаков қорының материалдарында (Қор 88, Тізбе 1, Іс 1051) кездесетін ішінара өңделмеген нұсқа, онда алдыңғы екі нұсқада жоқ стенограмманың қорытынды бөлігі қамтылған. Стенограммалардың жалпы көлемі айтарлықтай ауқымды (440, 289 және 261 бет). Өз кезегінде бұл кеңесте көтерілген мәселелердің күрделілігі мен қатысушылар пікірлерінің әртүрлілігімен түсіндіріледі. Кеңесте қозғалған негізгі мәселелердің бірі орыс ұлты мен

орыс ұлттық мемлекетінің қалыптасуы, сондай-ақ шығыс славян халықтарының бір-бірімен және жақын көршілерімен қарым-қатынасы болды. Осы тақырыпқа қатысты академик Б.Д. Греков: «орыстар да, украиндықтар да, белорустар да Киев Русімен туыстығын ешқашан ұмытқан емес. Дегенмен, кейбір тарихшылар ұлы орысты Киев мемлекетінен ажыратқысы келді. Дәл осы заманда, сондықтан біздің мемлекетімізді және қазіргі уақытта біздің тірегімізді құрған біздің туыстығымызды, ежелгі бірлігімізді атап өту және еске түсіру қажет», – деп ойын жеткізді. Өз кезегінде бұл пікір КСРО-дағы ұлт саясатының өзгергенін көрсетті. Кеңес билігі 1930-жылдары ұлттық республикаларға белгілі бір автономия бергенімен, 1940-жылдардан бастап «кеңестік патриотизм» ұғымын енгізіп, орыс халқының тарихи рөлін ерекше атап көрсете бастады [Греков, 2002].

Тарихшылар кеңесінде ондаған өзекті және талас тудыратын мәселелер көтерілгеніне қарамастан, оның қорытындысы бойынша жоғары партия басшылығы тарапынан ресми құжат қабылданған жоқ. 1944 жылғы 12 шілдеде Г.Ф. Александров БКП(б) Орталық Комитетінің «Тарих саласындағы ғылыми жұмыстың кемшіліктері туралы» қаулысының жобасын әзірледі, алайда бұл құжат А.С. Щербаков тарапынан жарамсыз деп танылды. Кейіннен КСРО тарихы саласындағы ғылыми жұмыстың кемшіліктері мен қателіктері туралы Орталық Комитеттің негізгі тұжырымдарын әзірлеу ісімен А.А. Жданов айналысты. Өз кезегінде ол бірнеше құжат жобасын әзірлеп, оларды И.В. Сталинге жолдады [РГАСПИ, Қ. 88. Т. 1. Д. 26].

Аталған тұжырымдарда екі негізгі тенденция сынға алынды: біріншіден, «буржуазиялық-монархиялық тарихи мектептің (Милюков мектебі) көзқарастарын қайта жаңғырту», екіншіден, «Покровский мектебінің тарихи қателіктерін қайта қалпына келтіру». Орталық Комитет бұл екі бағытты да зиянды және қате деп таныды. Алайда белгілі бір себептерге байланысты кеңестің нәтижелерін түйіндейтін және тарихшыларға нақты бағыт-бағдар беретін ресми құжат қабылданған жоқ. Мұның себебі, мүмкін, сол кезеңдегі саяси жағдайға байланысты болуы мүмкін. КСРО аумағы басқыншылардан азат етіліп, майдан шебі Орталық Еуропа мемлекеттеріне қарай жылжыған тұста Ресейдің сыртқы саясаты, империализм мен колониялар, патшалық Ресейдің «халықтар түрмесі» және «Еуропаның жандармы» ретіндегі рөлі туралы мәселелер өзектілігін жоғалтқан немесе орынсыз болып көрінген болу керек [Щербаков, 2007].

Нәтижелер. Осы тұста кеңестің саяси астарына үңілетін болсақ, оның идеологиялық бағыт-бағдарын да айқындауға болады. 1944 жылғы тарихшылар кеңесі тек ғылыми дискуссия шеңберінде ғана емес, кеңес билігінің соғыстан кейінгі идеологиялық стратегиясын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Кеңес Одағының әскери жетістіктері мен Шығыс Еуропаға ықпалының артуы кеңестік тарихнаманың жаңа геосаяси мақсаттарға бейімделуі қажеттігін туындатты. Бұл тұрғыдан алғанда, тарихшыларға Ресей империясының саясатын біржақты сынаудан гөрі, оның «өркениет әкелуші» рөлін қайта қарастыру тапсырылды. Бұл өзгеріс әсіресе Ресей империясының құрамына кірген халықтардың тарихына қатысты ұстанымдарды қайта қарастырудан көрінді. Кеңес басшылығы тарихшылардан Ресейдің отарлық саясаты туралы дәстүрлі сыншыл марксистік көзқарасты жұмсартып, оны «прогрессивті миссия», тарихи қажетті үдеріс ретінде қарастыруға міндеттеді. Сонымен қатар, кеңестік тарихнамада кездесетін «орыстардың отарлауы» немесе «империялық саясат» секілді ұғымдарды қолдануға жол берілмеді. Бұл нарративке сәйкес, орыс халқы барлық ұлттардың «аға бауыры» ретінде сипатталып, оның басқа халықтардың әлеуметтік-мәдени дамуына жетекшілік рөлі айрықша дәріптелді. Өз кезегінде мұндай директивалық талаптар тарих ғылымының объективтілігі мен дербестігін шектеп, тарихи үдерістерді терең әрі сыни тұрғыдан зерделеуге кедергі келтірді. Мұндай идеологиялық түзету әсіресе Украина, Белоруссия, Балтық елдері және Орта Азия тарихына қатысты болды. Кеңестік билік бұл аймақтардағы ұлттық қозғалыстардың тарихи маңызын төмендетіп, олардың Ресеймен «тарихи байланысын» күшейтуге тырысты. Сонымен қатар, бұл кеңес кеңестік тарих ғылымындағы ұлыдержавалық шовинизмнің қайта жандануына негіз қалады. Егер 1920-1930 жылдары тарихшыларға Ресей империясының отарлық экспансиясын сынау міндеттелсе, енді кезекте кеңестік билік бұл саясатты жаңа идеологиялық шеңберде қайта бағалауға көшті. Кеңес Одағының жаңа территориялық жетістіктерін заңдастыру үшін тарихшыларға патшалық Ресейдің жаулап алушылық әрекеттерін өркениеттілік миссиясы ретінде сипаттау ұсынылды. Бұл әсіресе болашақ кеңестік ықпал аймақтарында (Шығыс Еуропа, Орталық Азия) жаңа тарихи концепцияларды енгізуге бағытталған идеологиялық шаралардың бірі болды [Тарле, 2011].

1940-жылдардың ортасынан бастап Кеңес Одағында тарих ғылымына қатысты идеологиялық қысым күшейе түсті. Бұл үрдіс әсіресе 1944 жылы Татар және Башқұрт КСР-індегі партия

ұйымдарына байланысты қабылданған арнайы қаулылардан айқын көрінеді. Аталған қаулылар аясында тарихшыларға нақты зерттеу бағыттарын таңдауда шектеулер қойылып, олардың ғылыми жұмыстары қатаң бақылауға алынды. Атап айтқанда, Алтын Орда тарихын зерттеуге тікелей тыйым салынып, бұл кезеңге қатысты кез келген оң баға беру «ұлтшылдықтың көрінісі» ретінде айыпталды. Осылайша, Алтын Орда дәуіріне қатысты теріс, біржақты көзқарас тарих ғылымында үстемдік етті [Тихонов, 2001].

Осылайша, 1944 жылғы тарихшылар кеңесі тарих ғылымының кеңестік саяси мақсаттарға қызмет етуінің жарқын мысалына айналды. Кеңестің нәтижелері ғылыми зерттеулерді идеологиялық бақылауға алу үрдісін күшейтіп, тарихшылардың саяси жағдайға бейімделуін талап етті.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу материалдары 1944 жылы БКП(б) Орталық Комитетінде өткен тарихшылар кеңесінің кеңестік тарих ғылымының институционалдық және идеологиялық құрылымын қайта қалыптастырудағы шешуші рөлін айқын көрсетеді. Архивтік деректер мен стенографиялық жазбалар кеңестің негізгі мақсаты ғылыми пікірталасты өрістету емес, тарихи зерттеулерді партиялық-саяси талаптарға толық сәйкестендіру болғанын дәлелдейді. Кеңес барысында тарихшылардың ғылыми тұжырымдары мен әдіснамалық ұстанымдары саяси легитимділік өлшемдерімен бағаланып, тарихи білімді орталықтандырылған идеологиялық бақылауға алу механизмі күшейтілді. Отандық тарихшылардың еңбектерінде көрсетілгендей, кеңестік идеология деректанулық іріктеу критерийлерін өзгертті, ұлттық тарихты зерттеудің мазмұндық ауқымын тарылтты және тарих ғылымының кадрлық құрамын саясиландырды. Қазақстандық зерттеушілер дәлелдеген бұл үрдістер партия құрылымдарының тарихи білімді қалыптастырудағы шешуші ықпалын және ғылыми мектептердің дербес дамуына кедергі келтіргенін көрсетеді. Шетелдік историографияда ұсынылған талдаулар кеңестік тарих ғылымының жалпы тоталитарлық дискурс өндіру жүйесіне кіріккенін дәлелдейді. Фицпатрик пен Эткинд сияқты зерттеушілер көрсеткендей, сталиндік кезеңдегі ғылым «шындықты танудан» гөрі билікке қажетті идеологиялық үлгілерді бекітуге бағытталған. Бұл жағдай ғылыми әдіснаманың саясиландырылуына, деректерді түсіндірудің шектелуіне және тарихи баяндаудың партиялық-идеологиялық үлгіге тәуелді болуына алып келді.

Осы факторлардың барлығы 1944 жылғы кеңестің кеңестік тарихнаманың даму барысындағы бетбұрыс сәт болғанын дәлелдейді. Кеңес нәтижесінде тарихи зерттеулердің мазмұны, бағыты және ғылыми аппараты қатаң идеологиялық нормаларға негізделген жаңа жүйеге өтті. Тарих ғылымы дербес теориялық сала ретінде емес, саяси биліктің идеологиялық функцияларын атқарушы құрылым ретінде қалыптасты.

Дереккөздер

РГАСПИ – Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві

Әдебиеттер

Fitzpatrick, 1999 – *Fitzpatrick S. Everyday Stalinism Ordinary life in Extraordinary Times Soviet Russia in the 1930s. First published by Oxford University Press, Inc., 1999.*

Etkind, 2013 – *Etkind A. Warped Mourning: Stories of the Undead in the Land of the Unburied. Stanford, CA: Stanford University Press, 2013.*

Қозыбаев, 2001 – *Қозыбаев М. Қ. Өркениет және ұлт. Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.*

Қойгелдиев, 2001 – *Қойгелдиев М. Қазақ ұлт-азаттық қозғалыстарының тарихы. Алматы: Ғылым, 2001.*

Омарбеков, 2001 – *Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Астана: ҚАЗАқпарат, 2001.*

Бахрушин, 1998 – *Бахрушин С. В. Национальная история России и ее народы: проблемы истории и современности. М.: Московская школа, 1998.*

Панкратова, 2015 – *Панкратова А. М. Динамика изменений общественного и исторического сознания. М.: Московский университет, 2015.*

Жданов, 2006 – *Жданов А. А. Идеологические вопросы в истории Советского Союза. М.: Советская наука, 2006.*

Греков, 2002 – *Греков Б. Д. Киевская Русь и формирование Российской империи. М.: Наука, 2002.*

Щербаков, 2007 – *Щербаков А. С. Историки и идеология: основные проблемы советского периода. М.: Академия наук, 2007.*

Тарле, 2011 – *Тарле Е. В. История Российской империи: историческая оценка имперской политики. М.: Русская книга, 2011.*

- Тихонов, 2001 – *Тихонов В. В.* Историография и идеология: советская историческая наука в контексте партийной политики. М.: Наука, 2001.
- Панкратова, 2015 – *Панкратова А. М.* Динамика изменений общественного и исторического сознания. М.: Московский университет, 2015.
- Жданов, 2006 – *Жданов А. А.* Идеологические вопросы в истории Советского Союза. М.: Советская наука, 2006.
- Греков, 2002 – *Греков Б. Д.* Киевская Русь и формирование Российской империи. М.: Наука, 2002.
- Щербаков, 2007 – *Щербаков А. С.* Историки и идеология: основные проблемы советского периода. М.: Академия наук, 2007.
- Тарле, 2011 – *Тарле Е. В.* История Российской империи: историческая оценка имперской политики. М.: Русская книга, 2011.
- Тихонов, 2001 – *Тихонов В.В.* Историография и идеология: советская историческая наука в контексте партийной политики. М.: Наука, 2001.

Sources

RGASPI – Resej Memlekettik әлеуметтік-саяси тарих архиви [Russian State Archive of Socio-Political History]

References

- Fitzpatrick, 1999 – *Fitzpatrick S.* Povsednevnyj stalinizm: obychnaja zhizn v neobychnye vremena. Sovetskaja Rossija v 1930-e gody [Everyday Stalinism Ordinary life in Extraordinary Times Soviet Russia in the 1930s]. First published by Oxford University Press, Inc., 1999. [in English]
- Etkind, 2013 – *Etkind A.* Iskazhennyj traur: istorii o nezhiyih v kraju nepohoronennyh [Warped Mourning: Stories of the Undead in the Land of the Unburied]. Stanford, CA: Stanford University Press, 2013. [in English]
- Kozybaev, 2001 – *Kozybaev M.K.* Orkeniet zhane ult [Civilization and nation]. Almaty: Sozdik-Slovar, 2001. [in Kazakh]
- Koygeldiev, 2001 – *Koygeldiev M.* Qazak ult-azattyg kozgalistariny tarihy [History of Kazakh national liberation movements]. Almaty: Gilym, 2001. [in Kazakh]
- Omarbekov, 2001 – *Omarbekov T.* XX gasyrdagy Qazakstan tarihyin ozekty maselelery [Actual problems of the history of Kazakhstan in the XX century]. Astana: QASakparat, 2001. [in Kazakh]
- Bakhrushin, 1998 – *Bakhrushin S. V.* Natsionalnaya istoriya Rossii i yeye narody: problem storii sovremennosti [National History of Russia and Its Peoples: Problems of History and Modernity]. Moskva: Moskovskayashkola, 1998. [in Russia]
- Pankratova, 2015 – *Pankratova A. M.* Dinamika izmeneniy obshchestvennogo i istoricheskogo soznaniya [Dynamics of Changes in Public and Historical Consciousness]. Moskva: Moskovskiy universitet, 2015. [in Russia]
- Zhdanov, 2006 – *Zhdanov A. A.* Ideologicheskiye voprosy v istorii Sovetskogo Soyuz [Ideological Issues in the History of the Soviet Union]. Moskva: Sovetskayanauka, 2006. [in Russia]
- Grekov, 2002 – *Grekov, B. D.* Kievskaya Rusi formirovaniye Rossiyskoy imperii [Kievan Rus and the Formation of the Russian Empire]. Moskva: Nauka, 2002. [in Russia]
- Shcherbakov, 2007 – *Shcherbakov A. S.* Istoriiki i ideologiya: osnovnye problem sovetskogo perioda [Historians and Ideology: Key Problems of the Soviet Period]. Moskva: Akademiyanauk, 2007. [in Russia]
- Tarle, 2011 – *Tarle E. V.* Istoriya Rossiyskoy imperii: istoricheskaya otsenka imperskoy politiki [History of the Russian Empire: Historical Assessment of Imperial Policy]. Moskva: Russkayakniga, 2011. [in Russia]
- Tihonov, 2001 – *Tihonov V.V.* Istoriografiya i ideologiya: sovetskaya istoricheskaya nauka v kontekste partinoy politiki [Historiography and Ideology: Soviet Historical Science in the Context of Party Politics]. Moskva: Nauka, 2001. [in Russia].

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2025. Т. 28. № 4

<i>Uryustyumova A., Sadvakassova Zh., Omurova Zh.</i> KAZAKHSTAN-KYRGYZSTAN CULTURAL DIPLOMACY (2015–2025): THE ROLE OF TURKSOY AND OTHER CULTURAL PLATFORMS.....	990
<i>Sailaubaeva A.K., Zhumatai S.</i> THE ROLE OF THE AKHMET RIZA MADRASAH IN THE EDUCATIONAL AND ENLIGHTENMENT ACTIVITIES OF THE SEMEY REGION.....	1000
<i>Akshanova A.M., Otepova G.E., Kabidenova Zh.D.</i> NATIONAL PERSONNEL POLICY IN THE PAVLODAR REGION UNDER THE FUNCTIONAL NORM OF KORENIZATSIYA (INDIGENIZATION).....	1009
<i>Kapassova G., Sadvakassova Zh., Kaliyeva K.</i> HISTORICAL FORMATION AND DEVELOPMENT TRENDS OF TOURISM IN THE ALAKOL AND ISSYK-KUL REGIONS: A COMPARATIVE ANALYSIS.....	1020
<i>Dossymova M.K.</i> THE GENERAL SITUATION OF THE OTTOMAN EMPIRE AND RUSSIA IN THE FINAL STAGES OF THE FIRST WORLD WAR.....	1033
<i>Baigabatova N., Abdrakhim M.</i> ADAPTATION CHALLENGES OF ETHNIC REPATRIATES IN POST-SOVIET KAZAKHSTAN: A HISTORICAL-CONTEXTUAL ANALYSIS.....	1050
<i>Dalayeva T., Idrissova A.</i> VISUAL SYMBOLISM OF ECONOMIC HISTORY IN TEXTBOOKS ON THE MODERN HISTORY OF KAZAKHSTAN (SECOND HALF OF THE 20TH–EARLY 21 CENTURIES).....	1063
<i>Sadvakassova Zh., Kapassova G.</i> KAZAKHSTAN KYRGYZ AND KYRGYZSTAN KAZAKHS: ETHNODEMOGRAPHIC TRANSFORMATION AND MIGRATION IN THE FIRST DECADE OF INDEPENDENCE.....	1080
<i>Zhussip S.A., Nurpeisov Y.K., Maslov Kh.B.</i> ALASH ORDA'S SOVEREIGN FOREIGN POLICY: NEGOTIATIONS WITH THE CZECHOSLOVAK DELEGATION (1918-1920).....	1091
<i>Токашева А.Н., Жуманова А.З.</i> 1944 ЖЫЛҒЫ БКП(Б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕГІ ТАРИХШЫЛАР КЕҢЕСІ: КЕҢЕС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.....	1107

Сулейменова А.Т.РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА
1925–1933-ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН НАУҚАНДАРДЫ
ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....1117**Абсаликов А.А., Бисенова Г.А.**ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О КОК ОРДЕ (СИНЕЙ ОРДЕ) И АК ОРДЕ
(БЕЛОЙ ОРДЕ): ПРОБЛЕМЫ ЛОКАЛИЗАЦИИ И РЕКОНСТРУКЦИИ
В ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКОМ КОНТЕКСТЕ.....1136**Молдин Б.А., Мәден А.Т.**XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҚТАРЫ МЕН КӨТЕРІЛІСТЕРІ МӘСЕЛЕСІНЕ
ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....1148**Бейсенбаева Г.К., Касенова А.Д., Богенбаева А.К.**

ПОЛЕВЫЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ДЛЯ ШКОЛЬНИКОВ.....1166

Рахметова Ә., Сарсембаева Г.ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА
БАҒЫТТАРЫ (2021–2025 жж.).....1177**Есназарова З.Б.**АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ И СОЦИАЛЬНО-
ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДОВ
КАРАКАЛПАКСТАНА. 1873–1926 гг.....1189**Базарбаев К., Амирбек А., Акдениз Э.**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-
САЯСИ САНАСЫНДАҒЫ ТҮРКИЯ ФАКТОРЫ.....1205**Шолахов М.Г., Алпысбес М.А.**

РЕФОРМЫ ЖАНГИР-ХАНА.....1215

Мамраймов С.Д.1937 ЖЫЛҒЫ №00447 БҰЙРЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
КЕҢЕСТІК РЕПРЕССИЯЛЫҚ АППАРАТТЫҢ
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТЕТІКТЕРІ.....1230**Ескалиев С.А., Айтенов Ж.К.**КОММУНИСТІК ПАРТИЯ МЕН КЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТТІЛІК:
ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ
(ТАРИХИ АСПЕКТ).....1245**Сағнайкызы С., Сартаев С.А., Нусунбаева С.А.**КОРРУПЦИЯ И ПОЛИТИЗАЦИЯ: ОТРАЖЕНИЕ ТРАНСФОРМАЦИИ
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСКОЙ АССР НА СТРАНИЦАХ
ГАЗЕТЫ «ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» (КОНЕЦ 1920-х – НАЧАЛО 1930-х ГОДОВ).....1260

Қуаныш С.О., Айдосынова Г.Ж., Мурзаходжаев Қ.М. АТЫРАУ Өңіріндегі қуғын-сүргін: өлім жазасына кесілген дін өкілдері.....	1271
Хайдаров Т.Ф., Бейсембаева А.Р. XIV ғасырдың екінші жартысында жошы ұлысында болған індет.....	1284
Түлебаев Д.Ж., Симтиков Ж.К. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ.....	1293
Ашимова У.А., Қалшабаева Б.К. ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ДӘСТҮРЛІ КИІМІНДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР: МӘДЕНИ ЖАД ПЕН ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ТҮЙІСІНДЕ.....	1304
Kabuldinov Z.Y., Mussabalina G., Beisembayeva A. KAZAKH-OIRAT RELATIONS IN THE CONTEXT OF REGIONAL TRANSFORMATIONS IN CENTRAL ASIA (15 th – EARLY 17 th CENTURIES).....	1319
Ерғабылов А.Е. ЖЕТІСУ ЖӘНЕ ІЛЕ АЛАБЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІНДЕГІ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР (1991-2023 ЖЖ. ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕ).....	1331



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru